

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 7 желтоқсан N 4157. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Мемлекеттік бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын республикалық бюджетті бекіту кезінде жалпы бюджет саясатын негізге ала отырып, Мемлекеттік бағдарламадағы іс-шараларды іске асыру үшін қажетті қаржыны бөлуді көздерсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 7 ж е л т о қ с а н N 4 1 5 7

Жарлығымен бекітілген

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама кешенді сипатқа ие, қылмысқа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру және қылмыстық жолмен табылған капиталды "тазарту" жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады және оны заңдастыруға жол бермеуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тек қана құқық қорғау және арнаулы органдардың әдістерімен және құралдарымен күресу - осы әлеуметтік кесепатты туғызатын себептермен емес, оның зардаптарымен ғана күресу деген сөз. Осыған байланысты Бағдарлама мен оның негізгі іс-шаралары (қоса беріліп отыр) Қазақстанның ерекшелігі мен әлемдік қоғамдастықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде жинақтаған тәжірибесін ескере отырып, қоғамдық қатынастарды дамытудың әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық қырларын қамтитын проблемалардың жеткілікті кең ауқымды жиынтығын шешуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыруда "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңның қабылдануы маңызды меже болып табылады. Осы Бағдарлама оны орындаудың бірыңғай тетігін талдап жасау, билік пен қоғамның барлық институттарының күш-жігерін үйлестіру үшін әзірленді. Ол Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының талаптарына сәйкес келеді және қоғамда қылмыстың дендеуіне қарсы іс-қимыл жөніндегі "Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды топтастыру", сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі "Кәсіпқой Үкімет" басымдықтарын іске асыруға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік сипат беру, сыбайлас жемқорлықты туғызатын және оған қапталдаса жүретін проблемаларды кешенді түрде шешуді қамтамасыз ету, оның түпкі әлеуметтік-экономикалық тамырларын ашу, заң үстемдік құратын өмір салты мен сыбайлас жемқорлық құбылысының демократиялық және құқықтық мемлекеттің қағидаларымен сыйыспайтындығын насихаттау болып табылады.

Осы бағдарлама мынадай мақсаттарды көздейді:

- конституциялық тәртіпті, азаматтар мен ұйымдардың, мемлекеттік қызмет жүйесінің құқықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлық процестерінің келеңсіз ықпалынан қорғау;

- сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылық жасаған адамдарды саяси шешімдерді талдап жасау және қабылдау мәселелеріне жолатпау;

- мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және құқықтық салалардағы саясатын іске асыруды қамтамасыз ететін кепілдіктерді күшейту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық шаралар жүйесінің дәйектілігін, тұтастығын және тиянақтылығын қамтамасыз ету;

- ұлттық заңдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық танылған стандарттарын бойына сіңіруі үшін жағдайлар туғызу.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін оларға қол жеткізудің мынадай басымдықтары мен стратегиялары белгіленді:

1-Басымдық: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын жетілдіру

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу ;

- Осы заманғы талаптар мен халықаралық практиканы ескере отырып, қолданыстағы заңдар және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру және жаңаларын әзірлеу.

2-Басымдық: Профилактикалық - алдын алу шаралары

- Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде кешенді шараларды әзірлеу және іске асыру ;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ақпараттық-насихаттық қолдау;

- Сыбайлас жемқорлықтың себептерін зерделеу жөнінде талдау және ғылыми зерттеулер жүргізу ;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық және отандық мамандандырылған институттардың тәжірибесін пайдалану, халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

3-Басымдық: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің практикалық шаралары

- Әлеуметтік-экономикалық және қаржылық шаралар;

- Ұйымдық-басқару (институционалдық) шаралары;

- сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау, жолын кесу және тергеу.

4-Басымдық: Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі қызметінің пәрменділігін арттыру

- Арнаулы қызметтер, құқық қорғау және сот органдары іс-әрекетінің пәрменді өзара іс-қимылы мен үйлестіру тетіктерін талдап жасау;

- Сот жүйесін кадрлық жағынан нығайту және жетілдіру;

- Мақсатты кадр саясатын жүргізу және арнаулы қызметтердің, құқық қорғау мен сот органдарының кәсіби біліктілігін арттыру;

- Арнаулы қызметтердің, құқық қорғау және сот органдарының іс-әрекетін материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

1-Басымдық: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық негіздерін жетілдіру

Ниет . Қолданыстағы заңдарды "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңға және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес келтіру .

Реттеудің әр түрлі салаларын қамтитын бірқатар заң актілерін қабылдауды көздейтін оны іске асырудың арнайы тетігін әзірлеу.

Шаралар . Бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ұзақ мерзімді стратегиясын, "Қылмыстық процеске қатысушылардың, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін органдардың лауазымды тұлғаларының жеке басының қауіпсіздігі туралы", "Әділет органдары туралы", "Салық полициясы органдары туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарды әзірлеу.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қабылдау Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу .

Халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, бірінші кезекте ТМД елдерімен және Қазақстанмен шектес мемлекеттермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық мәселелері бойынша ықпалдастықты жандандыру.

2-Басымдық: Профилактикалық - алдын алу шаралары

Ниет . Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу шараларын пайдалануға баса назар аудару, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының әлеуметтік және экономикалық тамырларын анықтап, оларға қарсы күрес шараларын талдап жасау .

Шаралар . Экономика, қаржы, әлеуметтік салаларда мемлекеттік қызметшілер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын әзірлеу. Мемлекеттік қызмет жүйесінде жүргізіліп отырған реформалар мен жұртшылықты тарту да осы мақсатты көздеуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны насихаттауда, азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлық көріністеріне ымырасыздық көзқарасын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалану. Сонымен бір мезетте қажетті жағдайда олардың заң тұрғысында қорғай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсету, оларға уақтылы дұрыс және толық ақпарат бере отырып, қызметіне жәрдемдесу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жандандыру .

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мынадай негізгі бағыттар бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайту және жетілдіру:

- заңдық - экономикаға мемлекеттің қатысуы мәселелері бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ұлттық заңдарды орайластыру, бухгалтерлік есептің, аудиттің және т.б. халықаралық стандарттарын енгізу;

- полицейлік - халықаралық ақпарат алмасуды жолға қою, бірлескен жедел-іздігіру іс-шаралар және т.б. туралы келісімдер жасасу. Қылмыстық капиталдардың немесе олардың иелерінің басқа елдерге жылыстап кетуін қ а д а ғ а л а у ;

- әріптестік көмек - кадрлар даярлау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар әзірлеуде, насихат шараларын әзірлеу мен іске асыруда өзара іс-қимыл жасау.

3-Басымдық: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің практикалық шаралары

Ниет . Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлеуметтік, қаржылық-экономикалық және ұйымдық-басқару шараларын жүзеге асыру. Құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар тарапынан заңдылық бұлжытпай және қатаң түрде сақтала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әдістері мен қ ұ р а л д а р ы н ж е т і л д і р у .

Шаралар . Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті экономикалық, қаржылық, әлеуметтік және ұйымдық-басқару сипатындағы шараларды пайдалана отырып, к е ң а у қ ы м д а ж ү р г і з у .

Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау жөнінде мақсатты жедел іс-шаралар жүргізу және сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық істерді сапалы тергеуді қамтамасыз ету.

Қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлігінде Қазақстан Республикасының заң актілерін қолдану жөніндегі сот практикасын қорыту.

4-Басымдық: Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі қызметінің пәрменділігін арттыру

Ниет . Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің функцияларын ұтымды бөлу және құрылымдарын оңтайландыру, олардың арасында тығыз өзара іс-қимыл орнату, кәсіптік даярлығын, әдістемелік және техникалық қамтамасыз етілуін арттыру жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте соттардың рөлін арттыру.

Шаралар . Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің іс-әрекетін талдау және үйлестірілген шараларды қамтамасыз ету әрі сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күресте функциялардың қосарлануына жол бермеу үшін олардың өзара іс-қимылының тетігін талдап жасау.

Құқық қорғау және сот жүйесін нығайту:

- құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және судьялардың әлеуметтік қорғалуын, күллі құқық және сот жүйесін материалдық қамтамасыз етуді а р т т ы р у ;

- кадрларды даярлау және іріктеу жүйесін жетілдіру;

- әкімшілік әділет органдарын дамыту;

- құқық қорғау және сот органдарын, Ұлттық қауіпсіздік комитетін техникалық және әдістемелік жарақтандыру жөніндегі шараларды әзірлеп, іске а с ы р у .

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1999.12.14. N 293 жарлығымен.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі іс-шаралары

N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын жетілдіру

1.1|Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа|Қазақстан |Стратегиялық |2000
|қарсы күрестің ұзақ мерзімді |Республикасы |жоспарлау және|жылдың
|стратегиясын әзірлеу |Президентінің|реформалар жө.|Ітоқсаны

	Жарлығы	ніндегі агент.
		тік (бұдан
		әрі - СЖРА),
		Әділетмині,
		құқық қорғау
		органдары, Жо.
		ғарғы Сот (ке.
		лісім бойынша)

1.2	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кү.	Заң жобасы	Әділетмині,Бас	1999
	рес туралы" Заңнан туындайтын		прокуратура,	жылдың
	"Қазақстан Республикасының кей.		ҰҚК, ПМ, Мем.	тоқсаны
	бір заң актілеріне өзгерістер		лекеттік кіріс	
	мен толықтырулар енгізу туралы"		министрлігі	
	Қазақстан Республикасының Заңы.			
	ның жобасын әзірлеу:			
	- қылмыстық, қылмыстық іс жүр.			
	гізу, салық және еңбек заңдары.			
	н а ;			
	мынадай заң актілеріне:	Бұл да		
	"Мемлекеттік қызмет туралы"			
	"Қазақстан Республикасындағы			
	соттар және судьялардың мәрте.			
	соттар және судьялардың мәрте.			
	бесі туралы"			
	"Қазақстан Республикасының			
	Парламенті және оның депутатта.			
	рының мәртебесі туралы"			
	"Банктер мен банк қызметі ту.			
	р а л ы "			

1.3	Мынадай заң жобаларын әзірлеу:	Заң жобасы	ПМ, Жоғарғы	1999 жыл
	"Қылмыстық процеске қатысушы.			
	лардың, сондай-ақ қылмыстық			
	процесті жүргізетін органдардың			
	лауазымды тұлғаларының жеке ба.			
	сының қауіпсіздігі туралы"			

1.4 - "Әділет органдары туралы"	-//-	Әділетмині	Бұл да
1.5 - "Салық полициясы органдары туралы"	-//-	МҚМ, Әділетми.ні	1999 жылдың IV тоқсаны
1.6 - "Әкімшілік рәсімдер туралы"	-//-	Әділетмині	Бұл да
1.7 Мемлекеттік мүлікті басқару жө.нiндегі функцияларды орындауға қатысатын заңды және жеке тұл.ғалардың Қазақстан Республика.сының Үкіметі белгілеген мер.зімде мемлекеттік мүлікке қа.тысты меншік иесі құқықтық өкі.леттігін жүзеге асыратын мемле.кеттік органға мүліктік сипат.тағы барлық мәмілелер мен мем.лекеттік меншікке байланысты қаржылық қызметі туралы есеп.терді табыс ету тәртібі туралы ереженің жобасын дайындау	-//-	Әділетмині,	1999 жылдың I тоқсаны
1.8 Бас прокуратураның жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығында сыбайлас жем.қорлық сипатындағы құқық бұзу.шылықтың жіктеліп есепке алы.нуын көздеу	-//-	Бас прокурату.ра, Әділетмині	1999 жылдың I тоқсаны
1.9 Мемлекеттік қызметтен теріс се.бептермен босатылған адамдардың	-//-	МҚМ	-//-

декларациялар табыс етуін бақы.			
лау тетігін әзірлеу			

2. Профилактикалық - алдын алу шаралары

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу жөніндегі кешенді шаралар

2.1 Салық төлеушілерді есепке алу мәліметтерінің бірыңғай авто. маттандырылған банкін құру	Үкімет қаулысы	МКМ, 	1999 жыл дың IV тоқсаны
2.2 Стратегиялық маңызды тауарлар экспортын бақылаудың бірыңғай жүйесін құру және сыртқы эконо. микалық қызметке қатысушылардың мемлекеттік тізілімін жүргізу жөнінде жұмыстарды жалғастыру	Үкімет қаулысы	МКМ, Энергети. ка, Индустрия	1999 жылдың I және саудамині тоқсаны (бұдан әрі - ЭИСМ), СЖРА, ҰҚК
2.3 Инвесторлармен келісім-шарттар жасасу тәртібін жетілдіру	Үкімет қаулысы	Меминвестком	1999 жылдың I тоқсаны
2.4 Табиғи монополистердің экономи. калық қызметінің ашықтығын, олардың экономикалық есептері мен тәуелсіз аудиторлардың олар жөнінде жүргізген бағалаулары. ның жыл сайын жариялануын қам. тамасыз ету	-//-	Табиғи монопо. лияларды рет. теу және бәсе. келестікті және жыл қорғау жөнін. сайын дегі комитет	1999 жыл дың I тоқсаны және жыл сайын

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ақпараттық-насихаттық қолдау

2.5|Халықты елдегі оперативтік |Жарияланым. |Ақпарат және |Тұрақты
 |ахуал туралы хабардар етудің |дар, шолулар,|қоғамдық келі.
 |тұрақты жұмыс істейтін жүйесін |азаматтар мен|сім міні (бұ. |
 |жолға қою және азаматтардың |бұқаралық ақ.|дан әрі - АҚКМ)
бойында өркениетті құқықтық қа.	парат құрал.	құқық қорғау
тынастардың сыбайлас жемқорлық.	дарын хабар.	органдарымен
пен және оның көріністерімен	дар етудің	бірлесе отырып
сыйыспайтынына сенімін қалып.	өзге де ны.	
тастыруға бағытталған құқықтық	сандары	
насихатты күшейту		

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес проблемасына халықаралық және отандық мамандандырылған институттардың тәжірибесін тарту, халықаралық ықпалдастықты дамыту

2.6|Қылмыстың алдын алу және қыл. |Конгресс |СІМ, Әділетми.|2000
 |мыстық сот төрелігі жөніндегі |материалдары,|ні, Бас проку.|жылдың I
 |БҰҰ Х конгресін дайындауға және|Үкімет шешімі|ратура, ІІМ, |тоқсаны
 |өткізуге қатысу | |МКМ, ҰҚК, Жо. |
 | | |ғ а р ғ ы С о т |

2.7|Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас |Келісімдер |СІМ, Әділетми.|1999 жыл
 |жемқорлыққа қарсы күрес сала. | |ні, Бас проку.|дың IV
 |сындағы қызметті үйлестіру және| |ратура, МКМ, |тоқсаны
бірлескен стратегияны әзірлеу		ІІМ, ҰҚК,
мақсатында Орталық Азияның және		Есірткі бақы.
басқа да мемлекеттердің құқық		лау жөніндегі
қорғау және сот органдарымен		мемлекеттік
ықпалдастықты жандандыру		комиссия

3.3 Мемлекеттік органдарда:	Ведомостволық МКМ, Бас	2000	
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы	нормативтік	прокуратура,	жылдың I
күрес туралы" Заңның мемлекет.	құқықтық	ҰҚК, ИМ,	тоқсаны
тік лауазымға үміткер адамдар.	актілер	Қаржымині,	
ға, сондай-ақ мемлекеттік функ.			
цияларды атқаруға уәкілетті			
адамдарға немесе соларға теңес.			
тірілген адамдарға қаржылық ба.			
қылау жасау жөніндегі 9-бабының			
орындалу жай-күйін";			
<hr/>			
-	-	-	-
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы	-//-	Бас прокурату.	1999
күрес туралы" Заңның 10, 11-		ра, ҰҚК, ИМ,	жылдың I
баптарының орындалу жай-күйін;		МКМ	тоқсаны
<hr/>			
-	-	-	-
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы	-//-	Бас прокурату.	-//-
күрес туралы" Заңның 15-бабын		ра, ҰҚК, ИМ,	
мемлекеттік органдар мен жергі.		МКМ	
лікті өзін-өзі басқару органда.			
рының өздеріне жүктелген мін.			
деттерден тыс кәсіпкерлік қыз.			
метпен айналысуына немесе қар.			
жыландырудың белгіленген көз.			
дерінен тыс материалдық игілік.			
тер мен артықшылықтарды қабыл.			
дауына тыйым салу бөлігінде			
қолдануына;			
<hr/>			
- валюта заңдарын сақтау жөнін.	-//-	-//-	-//-
дегі сыртқы экономикалық қыз.			
метке қатысушыларға;			
<hr/>			
-	-	-	-
-лауазымды адамдардың шетелдік	-//-	Қаржымині, Бас	1999
те, Қазақстан Республикасының		прокуратура,	жылдың I
да жеке және заңды тұлғалары		ҰҚК	тоқсаны
есебінен мемлекетішілік, шетел.			

дік туристік, емдеу-сауықтыру			
және өзге де жолсапарларға шы.			
ғуының заңдылығын тексерудің			
жоспары мен тәртібін әзірлеу			

- Қылмыстық іс қозғау үшін не.	Ақпарат	Сыбайлас жем.	Ұдайы
гіз болып табылмайтын сыбайлас		қорлыққа қарсы	
жемқорлық тұрғысындағы жолсыз.		күрес жөнінде.	
дықтар мен мемлекеттік қызметші		гі мемлекеттік	
этикасының басқа да нормаларын		комиссия, ПМ,	
бұзудың барлық анықталған фак.		Сыртқы іс министрі,	
тілері бойынша материалдарды		Бас прокуратура,	
Қазақстан Республикасының Сы.		ҰҚК, Көлік.	
байлас жемқорлыққа қарсы күрес		коммині	
жөніндегі мемлекеттік комиссия.			
сы мен тиісті тәртіптік кеңес.			
терге беру			

3.4	Құқық қорғау және арнаулы ор.	Ведомство.	Бас прокуратура.	1999
	ғандардың сыбайлас жемқорлыққа	аралық норма.	ра, ПМ, ҰҚК,	жылдың I
	қарсы күрес мәселелеріндегі	тивтік құқық.	МҚМ	тоқсаны
	өзара іс-қимылы тәртібін әзір.	тық акт		
	л е у			

3.5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кү.	Әкімдердің	Облыстардың	-/-
	рес жөніндегі аймақтық бағдар.	шешімдері	және Астана	
	ламаларды әзірлеу		мен Алматы қа.	
			л а л а р ы н ы ң	
			ә к і м д е р і	

3.6	Жедел іздестіру қызметін жақ.	Нормативтік	ҰҚК, ПМ, МҚМ	-/-
	сарту, сыбайлас жемқорлық қыл.	құқықтық ак.	Бас прокуратура.	
	мыстарын тергеу және ашу жөнін.	тілер	ра, Жоғарғы	
	де кешенді шаралар әзірлеу		Сот	

Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау, жолын кесу және тергеу

3.7|Мынадай бағыттар бойынша келі. |Қазақстан |
сілген ведомоствоаралық жедел-	Республикасы.
алдын алу мақсатты іс-шаралары	ның Сыбайлас
мен арнаулы операциялар жүргі.	жемқорлыққа
зуді практикаға енгізу:	қарсы күрес
	жөніндегі
	мемлекеттік
	комиссиясына
	есептер беру
- шетел инвестицияларын, мемле.	Меминвестком,
кеттік заемдармен, кредиттерді,	Бас прокурату.
сондай-ақ мемлекет кепілдігімен	ра Қаржымині,
берілген мемлекеттік емес заем.	МКМ
дарды мақсаттан тыс пайдалану	
фактілерін анықтау;	
- мемлекет меншігіндегі объек.	Бас прокурату.
тілерді шетелдік және отандық	ра, ҰҚК, МКМ,
заңды тұлғалардың басқаруына	Қаржымині
берудің заңдылығы;	
- келісім-шарт бойынша шет елге	Қазақстан
мұнай өндіретін және өңдейтін	Республикасы.
және өңдейтін кәсіпорындардың,	ның Сыбайлас
сондай-ақ сирек кездесетін,	жемқорлыққа
түсті металдармен, радиоактивті	қарсы күрес
материалдармен, астықпен және	жөніндегі
стратегиялық маңызды шикізаттың	мемлекеттік
басқа да түрлерімен ұқсас опе.	комиссиясына
рацияларды жүзеге асыратын	есептер беру
ұйымдардың өнім өткізуінің,	

з а н д ы л ы ғ ы ;			
- экономикалық контрабанда және шикізат ресурстарын ұрлау фак. тілерін анықтау;	-//-	МКМ, ҰҚК, ИМ	-//-
- сыбайлас жемқорлыққа бой ұрған лауазымды тұлғалармен байланысты ұйымдасқан қылмыстық топтардың іс-әрекетінің жолын к е с у ;		ҰҚК, ИМ, Бас прокуратура	-//-
- лауазымды тұлғалардың мемлекеттік реттеуде табиғи монополиялар саласындағы жекелеген ұйымдар мен шетел компанияларының мүдделерін сүйемелдеу фак. тілерін анықтау	-//-	Табиғи монополияларды реттеу және бәсекеlestікті қорғау комите. ті, ҰҚК	-//-

3.8 Сыбайлас жемқорлық қылмыстар фактілері бойынша ҚР ҚК нормаларын қолдану жөніндегі сот практикасын қорыту	Жоғарғы Сот пленумының шешімдері, Ұсынымдар	Жоғарғы Сот (келісім бойынша), ИМ, ҰҚК, Бас прокуратура	1999 жылдың III тоқсаны
		р а М К М	

4. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі қызметінің пәрменділігін арттыру
Мақсатты кадр саясаты және құқық қорғау органдары мен сот жүйесі кадрларының кәсіби біліктілігін арттыру

4.1 Кеден органдары кадрларын бас. тапқы даярлау және біліктілігін арттыру оқу-әдістемелік орталығын құру	Үкімет қаулысы	МКМ	1999 жылдың III тоқсаны
---	----------------	-----	-------------------------

4.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кү.	Бұл да	ҰҚК, ПМ, МКМ 1999
ресті жүзеге асыратын адамдар.		жылдың
дың, сондай-ақ олардың отбасы.		I тоқсаны
ларының қауіпсіздігін қамтама.		
сыз ету жөнінде нақты шаралар		
әзірлеу		

Құқық қорғау органдарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

4.3 Құқық қорғау және арнаулы ор.	Үкімет	ПМ, ҰҚК, Бас 1999
гандарды материалдық-техникалық	қаулысы	прокуратура, жылдың
нығайту жөнінде шаралар кешенін		Жоғарғы Сот, I тоқсаны
әзірлеу		Қаржы мині